

**Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 7 наурыздағы № 24/18 "Қызылжар ауданы бойынша жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 17 наурыздағы № 51/8 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 наурызда № 6100 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы мәслихатының 2022 жылғы 12 тамыздағы № 15/5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы мәслихатының 12.08.2022 № 15/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының "Қызылжар ауданы бойынша жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" 2018 жылғы 7 наурыздағы № 24/18 шешіміне (2018 жылғы 2 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау электрондық түрдегі банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4611 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда баяндалсын:

"Қызылжар ауданы бойынша жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы";

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда баяндалсын:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 509-бабының 5-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:";

1-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 503-бабында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге арттырылсын.";

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Қызылжар аудандық  
мәслихатының сессия  
төрағасы*

*С.Оралұлы*

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Қызылжар аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*А.Молдахметова*